

# МӘДЕНИ ТАНЫМ КЕҢІСТІГІНДЕГІ КӨРКЕМ СӨЗДІҢ СПЕЦИФИКАЛЫҚ ОРНЫ

Ұлан Еркінбаев

Филология ғылымдарының кандидаты

Сүлейман Демирел атындағы университет. Алматы қ.

Көркем сөздің спецификасын зерделеу аса кең танымдық жетістіктерді нақты категориялар негізінде қарастырады. Ал қазіргі кең ауқымдағы мәдениетаралық диалог мәселесі әлемдік гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі күрделі әдіснамалық өзгерістердің орын алуына сеп болуда. Мұның іс-тәжірбиелік жағымен қоса, теориялық жағы да бар. Сонымен қатар, көркем сөздің пәндік міндеті бүгінде өзіндік бесаспап гуманитарлық маңызға ие болып отыр. Себебі, көркем сөзді жеке құбылыс ретінде қарастырудың теориялық байламдары – діндер тарихы, философия, мәдениеттану, антропология, эстетика, логика, өнер теориясы мен тарихи процесс, құрылымдық лингвистика мен математикалық логика секілді ғылым салаларымен тікелей байланысты.

Асылында кез келген диалогтың, мейлі ол ұлтаралық, мейлі ол дінаралық, мейлі ол мәдениеттер тоғысындағы жана бір құндылықтарға негізделсін – барлығының бас түйістірер жері, яғни негізі – *сөз*. Сөз болғанда да жай сөз емес, *көркем сөз*. Егер біз әдебиет теориясының пәндік міндетін жалпы көркем сөз атаулының арғы бергі тарихы мен құрылымдық сыпатына үңіле отырып, терең тәпсірлейтін ғылым ретінде қарайтын болсақ, онда мұның мүмкіндігінше ауқымы кең жүйелі әрі нақты теориялық пайымдарды талап ететіні түсінікті.

Сол себепті де әдебиетті зерттеу тәсілдерін қарастырмас бұрын сол әдебиеттің тікелей өзіне қатысты біреу тұжырымдарға тоқталып өткеніміз жөн болар. Бүгінгі әдебиеттану ғылымында көркем әдебиеттің спецификалық шегарасы мен күрделі бітім болмысын айқындау – едәуір ғылыми пікірталас тудыруда. Қандай мәтінді көркем әдебиет деп, ал қандай мәтіннің көркем әдебиетке жатпайтындығы тұрғысында үзілді-кесілді тұжырым жасау кімде де болса, біршама тығырыққа тірері анық. Мұнымен қоса, әдебиеттің болмысын – ойдан шығарылған әңгіме, сұлу сөз, суреттеп ойлау деген шартты анықтамалармен де айқындай алмаймыз. XX ғасыр басында Р.О. Якобсон: «Әдебиет теориясының зерттеу аясы әдебиет емес, әдебилік болуы керек» ("предметом теории литературы должна быть не литература, а литературность") деген тұжырымды алға тартты. Якобсонның тұжырымын басшылыққа алған Зенкин әдебилік ұғымын ауыспалы категория ретінде қарастырады: «Литературность исторически переменчива: для одних текстов она концентрируется в чем-то одном, а для других — в другом. Такая подвижность критерия как раз и создает теоретическую предпосылку для борьбы вокруг литературы, для постоянных попыток отнести то или иное явление к литературе или не литературе». Осы тұжырымды Якобсоннан тарататын Ж.Женетт те өз кезегінде әдебиліктің түрін «мәніне қарай» және «жағдайына қарай» (литературность "по сущности" и литературность "по обстоятельствам") деп екіге бөліп зерделеуді ұсынды. Бұл пікірлердің қай қайсысы болса да көркем сөздің міндеті мен шынайы болмысына қатысты тұшымды пікір деуге келмейді. Себебі бүгінгі әдебиеттің теориялық мәселелеріне байланысты жұмыстардың дені әдебиет ұғымының түпкі міндетін ашып бере алмай отырған жайы бар. Түпкі міндет дегенде біз – сөздің ең бастысы мағыналық хәм құрылымдық шарттарының бірлігін айтып отырмыз.

Ал, әдебиеттің ғылыми анықтамасына қатысты пікір жарыстардың барлығы да оның әу бастағы түпкі міндетінен гөрі екінші кезектегі міндетін негізге алатын секілді. Бұл ретте біз көркем сөздің (әдебиеттің) болмысын анықтауда оның генезисіне үңілуге тура келетінін, яғни бүгінгі теоретиктердің алдында әдебиеттің болмысында эстетикалық хәм көркемдік шарттылықтардың қай кезеңдерден, және қандай өзгешеліктермен жүзеге асқанын айқындау міндеті тұрғанын меңзеп отырмыз. Көне мәтіндерден бүгінгі мәтіннің еншісіне не

тиді? Көркем сөз неден ұтып, неден ұтылды? Қай жерде қай мәтіннің өрісі тарылып, қайсысының көкжиегі кеңейді? Әлбетте, бұл сұрақтардың жауабы арнайы, ыждаһатты зерттеуді қажет ететіні түсінікті. Біз бұл жерде сол үлкен зерттеуге кіріспе тұрғысынан ғана сөз қозғап отырмыз. Мәселен, көне мәтіннің үлгісі ретінде алып, «*Әрбір нәпсі өлімнің дәмін татады*» /Құран аяты/ деген тіркесті алсақ, төмендегі мәтінді оның көркемдік әрі кезеңдік жемісі ретінде қарастыруға болады:

*«Оның өте сүйкімді қызы болған еді. Басқаға сүйкімді болмаса да өзіне сүйкімді. Оның бар күшін салып жұмыс жасайтын себебі де қызы бақытты өмір сүру үшін барлық жағдайды жасауды ойлаған. Оның өмірге құштарлығы мен өмірлік мақсаты қызына деген әкелік махаббаты болды. Бірақ қызы айықпас ауруға шалдығып, жұлдызы ерте өшті. Ол қызы бұл дүниемен қоштасты дегенге сене алмай дел-сал болып ұзақ жүрді. Қайтып қалыпты өмір сүру қиын секілді көрінді. Бір күні ол түс көрді. Түсінде жұмаққа барып, онда жас періштелер шырақ жағып, салтанат құрып жүргенін көреді. Кенет сол періштелердің арасында бір періштені көзі шалып қалады. «Құдай-ау менің қызыма ұқсайды екен», деп жақындай береді. Қыз баланың қолына ұстаған шырағы сөніп қала береді екен. «Басқа періштелердің шырағы сөнбей жанып тұр» деп ішінен ойлайды. Бір кезде жақындап, періштеге анықтап қараған сәтте өзінің қызы екенін таниды. Қызына жақындап барып, құшағына қатты қысып сұрайды:*

*«-Не болды қызым? Неге сенің шырағың жанбайды? – деді.*

*Бұл сұрағына қызы:*

*«-Әке, шырағымды жағайын десем сөніп қала береді. Шырағымды жаққан сайын сенің көз жасың тамып кетеді, сондықтан шырағым сөніп қала береді», - деді. Ұйқыдан шошып оянган әкесі қызының шырағын ешқашан сөндірмеуге өз-өзіне іштей уәде берді». («Сөне беретін шырақ» (1995 жыл), корей жазушысы И. Дохуан). Жазушы Құранда айтылған ақиқатты (өлімнің хақ әрі мәңгілік екендігі жөнінде) сәбидің аузымен жеткізеді.*

Бұдан шығатын қорытынды ең алдымен мәтінге классикалық сыпат беретін оның мәңгілік мәселелерді баяндауды басты мақсат етіп алуы болып табылмақ. Әлбетте, көне мәтін бұл шарттарға сай бола тұра, классикалық деген анықтамаға мұқтаж емес (немесе мұндай анықтамадан әрдайым биік). Олай болмаған жағдайда біз әдебиеттің түпкі міндетінен гөрі (салыстырмалы түрде алғанда) көркемдік бірлік тұрғысынан ғана, яғни әдебиетті «әдебиет» ететін шартты белгілер тұрғысынан ғана қарастырумен шектеліп қаламыз.

Мәселен, әдебиеттің екі бірдей (әдебиет дегеніміз ойдан шығарылған сөз, бұл оның алғашқы құрылымдық анықтамасы – а; екінші құрылымдық анықтамасы - әдебиет жүйелі реттілік тілі - б ) негіз қасиетін талдап келіп семиотик ғалым Ц.Тодоров, олардың пәннің қасиетін беруде тікелей біржақтылыққа ұрындырып келгенін айтады [3, а, б] Сөйтеді де, бұл екі қасиеттің де жүгін арқалайды деп дискурс (француз тілінен мағыналық жағынан аударғанда, дискурс – сөйлеу, пікір алмасу дегенге саяды) сөзіне басымдық береді. «...необходимо ввести родовое по отношению к понятию литературы понятие дискурса (discours). Это - структурная пара к функциональному концепту "употребления" (языкового) (usage). ... Специфика дискурса определяется тем, что он располагается по ту сторону языка, но по эту сторону высказывания, т. е. дан после языка, но до высказывания» [1, 366]. Мұнда да ғалым ұсынып отырған дискурстық жүйе көркем сөздің спецификалық өзгешелігіне қан жүгірткенімен, оның кең мағынасындағы рухани талғам тұрғысынан келіп шығатын спецификалық мәніне жауап береді дей алмаймыз. Себебі бұған бүгінгі семиотикалық зерттеулердің стратегиялық ұстанымдары әлсіздік танытады. Егер нақтырақ айтсақ, мәселе нені зерттеуде емес нені зерттегісі келуде болып тұр. Дәлірегі сөздің әу бастағы мағыналық қасиетіне көпе көрнеу көзжұмбайлық жасап, жалаң көркемдіктің белгілеріне қатысты сан алуан теориялар ойлап тапқаннан ұтатынымыз шамалы.

Қазақ әдебиетінің басты теориялық еңбегі «Әдебиет танытқыштышта» да әдебиет түсінігіне анықтама беріледі: «Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз, ол аты қысқартылып көбінесе шығарма деп айтылады. Ауыз шығарған сөз

болсын, жазып шығарған сөз болсын, бәрі шығарма болады. Шығарманың түрлері толып жатыр. Оның бәрін шумақтап бір-ақ атағанда арабша әдебиет, қазақша **асыл сөз** дейміз» [2,170]. Бұл жерде А. Байтұрсынұлы сөз өнерінің бір парасы болып табылатын әдебиет сөзінің ауқымын кең шеңберде ашып беріп отыр. Яғни, «Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын, бәрі шығарма болады» дейді. Ал біз білетін көп қолданыстағы әдебиет (litteratura – жазылған, littera – әріп сөзінен келіп шығады) түсінігінің «ақындық өнер», «поэзия» түсініктерінің орнын алмастырып келгені белгілі. Байтұрсынұлының бұл жерде асыл сөздің баламасы ретінде «арабша *әдебиет*, қазақша *асыл сөз*» деуі де тегін емес. Себебі, бұл терминдердің таза мағыналық өлшемін таразылағанда, асыл сөзге жақын болып шығатыны латын тілінен келгенінен гөрі араб тілінен келгені (түбірі **أدب** әдеп, көркем мінезді иемдену, әдептілік, әдепті сөйлеу, сұлу сөйлеу т.б. мағыналарды білдіреді, осы мағыналардың барып тірелер шыңы – асыл сөзден тіптен де алыс емес). Мағыналық жағынан соңғысының шеңбері кең болып тұр. Оқырманға қажеттісі – сөздің (көркем сөздің) асылы ғана дегенге саяды. Байтұрсынұлы түсінігіндегі асыл сөз бен жоғарыда келтірілген дискурстың түсінігі мүлдем кереғар ұғымдар. Бірі асыл сөздің асыл болатын белгілері болады десе, бірі әдебиетте олай болуы шарт емес, барлығы да пікір алысу болады дейді. Яғни, былапыт сөзбен екі адам ұрысып қалса ол да пікір алысу; пікір алысу болғаннан кейін ол да әдебиет. Яғни әдебиет сөздерінің ешқандай түрі, өз сүйкімі, шекарасы болмайды. Бұл енді қисындық синтездің (техногендік хәм пәлсафалық ойдың синтезінен) жетістігі. Дискурс соны әдебиетке ұтымды қолдана білген. Ал енді мұның шешімі қалай болары уақыт еншісінде. Жалпы біз білетін көркемдік дүние тарихында (егер ол көркемдікті бүтіндей қамтығысы келген жағдайда) дискурс тектес қаншама эксперименттердің ғұмыры келте болып келгендігі басы ашық мәселе.

Әдебиеттің тарихы мыңдаған жылдармен өлшене тұрса да, негізінен он бесінші ғасырдың орта шеніне дөп келетін кітап баспа ісіне байланысты ғұмырын бастаған бұл термин бертін келе болмысты көркемдікке орап беруде негізгі ұғым жүйесіне айналды. Және мағналық жағынан да әдебиет термині уақыт өте келе синкреттік сыпат иеленіп бесаспаптық қасиетке ие болды. А. Байтұрсынұлы болса әдебиеттің яғни шығарма сөздің мазмұнын түсіндіргенде оның тарихи жолын да ескергені байқалады. «Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын» деп нақтылап айтқанына қарағанда, әдебиетке (егер оның тек сөздік түп мағынасына сай) тек таңбаланған туындылар ғана жатады деп қарамағандығы анық. Олай болғанда ғалым, әдебиеттің ең алдымен сөз өнері жүйесіндегі құндылығы өз алдына, сонымен бірге әдебиеттің сол сөз өнерінің бастапқы озық үлгілеріннен өсіп шыққандығын да ескергені көрінеді. Бұл да жоғарыда айтқан сөз өнерінің жүріп өткен тарихи жолы мен синкреттік қасиетіне тікелей қатысты.

Жалпы тақырып сөзін термин ретінде қарастыратын болсақ, әдебиеттану ғылымында оның мағынасы әрқалай. Бір ғалымдар тақырыпты өмірдің шынайы материалы деп көрсе, келесі бері тақырып деп – негізгі қоғамдық проблемаларды айтады. Осылардың ішіндегі салмақтысы деп, яғни әдеби шығарманың фундаменті болатын тұжырым деп авторлық пікірлеуді айтады. Мұны бүгінгі әдебиеттану тілімен айтқанда – автордың бастапқы мақсұты, ой талғамының озығы. А. Байтұрсынұлы да барар жолын ашып айтпағанымен, тоқ етерін дөп басып айтқан «әңгімедегі пікір не нәрсе туралы болса, сол нәрсе тақырыбы болады». Б. В. Томашевский пікірі де осыған саяды, ол шығарманың басты тақырыбы деп сол жоғарыда айтқан авторлық талғамды айтады. Сол талғам пікір тудырады. Ал шығармадағы сол пікірлер жиынтығы шығарма тақырыбын құрайды әрі әрқайсысы өз алдына оқырманды тарта біледі. Және де, Томашевскийдің ойынша, сол пікірлер көркемдік құрылымындағы компоненттерді де біріктіріп тұр. Махаббат, өлім, төңкеріс сияқты жиынтық ұғымдарды ғалым содан шығарады [3, 176-178]. Бірақ, осы қисынды пікірдің алғышартын айтқанда орыс ғалымы Байтұрсынұлыдан алшақ кетеді. Яғни, қазақ ғалымы тақырып анықтамасына қатысты ә дегеннен «пікір» сөзін қолданып, мәселенің мағына шеңберін кеңейтіп жіберсе, Томашевскийде ол былай өрбиді: «В художественном выражении отдельные предложения, сочетаясь между собой по их значению, дают в результате некоторую конструкцию,

объединенную общностью мысли или темы» [3, 176]. М.М.Бахтин болса, тақырыпқа қатысты ғалымның бұл анықтамасына үзілді-кесілді қарсы шықты. М.М.Бахтиннің пікірінше, тақырыпты пікірлеудің табиғатымен бірлікте түсіну керек. Ал кез-келген пікірлеу әлеуметтік һәм тарихи жағдаяттан хабар береді. Ал Томашевский айтатын тілдік түсініктер тақырыпқа әсер ете алмайды, олар жекелеген сөздер мен сөйлемдерге ғана ықпал етуі мүмкін. Мұнан шығатын түйін тақырып лингвистикалық бірліктермен қаншалықты ажырамас ұғым болса, пікірлеудің семантикасымен де соншалықты ажырамыс ұғым. Мұның пәлсафалық негізі көп жазылды («Әдебиет танытқыштағы» теориялық тұжырымға дейін де), өнерге қатысты, әсіресе оның берілу тәсілінің арақатынасы туралы да еңбектер болмады деуге келмес. Бірақ оның әдеби шығарма теориясына қатыстылығы жөнінде Байтұрсынұлы жаңаша қырынан келген: *«Дүниедегі нәрсенің қайсысы туралы сөйлесек те, бір жағынан ғана емес, әр жағынан алып сөз қылуға болады. Мәселен, бір адамды сөз қылуға алсақ, я ол адамның істеген ісін, айтқан сөзін әуезе қылып сөйлейміз. Я тұлға, тұрпатын; кескінін, көркін айтып, пернесін әліптеп сөйлейміз, я болмаса ол адамның істеген істерінің, өзінің жақсы жаман болғанының мәнісін, себебін тексере, байымдап сөйлейміз. Осыған қарай сөйлеген сөзіміздің түрі не әуезе, не әліптеме, не байымдама болып шығады»* [2,175].

Қалай болғанда да көркем сөздің табиғатын зерделеу бүгінгі күнде де өте өзекті болып отыр. Сол себептен де қазіргі әдебиеттану ғылымының алдындағы міндеттердің ішінде әдеби шығарманың болмысына баға беруге арналған көптеген теоретик ғалымдардың жұмысы белгілі. Мәселенің мұндай үлкен маңызға ие болуының бір себебі пән (әдеби шығарма) шеңберінің кеңдігі мен жалпы әдеби шығарманың негіз түсініктерінен (шығарма құрылымы, мазмұны, өзгешелігі т.б.) бастап, жекелеген әдеби мәтінді зерделеуге (талдау, интерпретация т.б.) дейінгі мәселелерден туындайды. Ә, дегенде, әдебиет туралы ғылымда басты орын алатын «әдеби шығарма» терминіне анықтама беру өте жеңіл іс көрінетіні рас. Алайда, оның қыр-сырына үңілген сайын бастапқы пікіріңізді өзгертуге тура келеді. В.Е.Хализев әдеби шығарманың екі жағын бөліп қарайды. Оның бірі, эстетикалық нысан, яғни жекелеген шығарманың көркемдік қасиеттері болса, келесі бір жағы өнер туындысының сыртқы материалдық сипаты. Соңғысын түсіндіргенде ғалым «артефакт» деген терминді қолданады. Артефакт (лат. сөзі *ars*-ремесло кәсіп, *factum*-жасалынған) әдебиет туралы ғылымға қазіргі эстетикадан келген, онда бұл термин адам қолымен жасалған кез-келген заттың мағынасын береді. Ал көркемдік контекстте бұл термин қазіргі заман өнер туындыларының жалпылама атауы ретінде қолданылады (көбіне дәстүрлі жанрлар мен түрлердің шеңберінен шығып кеткен постструктуралистік дүниелерге қатысты). Осыдан келіп эстетикалық нысан мен артефакт бірлігінің кез-келген өнер туындысының мәнін түсіндіретін қасиеті шығады [4, 171]. Ал әдеби шығарманың көркемдік бірлігіне қатысты тұжырымдар да шығарманың эстетикалық қасиетінен өрбіп жатады. Бірақ мұның біз айтып отырған жері (яғни, шығарманың көркемдік бірлігінің эстетикалық ұғымына қатыстылығы) – көркем шығарма ұғымын өте кең шеңберде түсінгенде ғана жүзеге асатын жағдай. Себебі, (бұл жерде американдық эстетиканың көшбасшысы М. Бердслиге (1915-1985) сүйеніп отырмыз) кез-келген затты эстетикалық тұрғыдан қарауға болады. Ал мұның шығармадағы трактовкасы, егер шығарма шынайы өмірдің жаршысы болғанда өз-өздігінен түсінікті болып тұр.

Канттан бастау алатын эстетиканың классикалық ұғымын, беріректе Роман Ингарден, Ян Мукаржовскийлер дамытты. Аталмыш эстеттерді бүгінгі күннің теоретиктерінің әдеби шығарманың трактовкасына қатысты ойларына негіз болып жүрген жерлері де жоқ емес. М. Бердслиге қатысты мысалда, біз оның объективті жағын ғана айтып өткен болдық. Ал әдеби шығарманы оншалықты кең мағынада емес, белгілі бір тақырып аясындағы мәтін ретінде ұғынсақ, ол кезде мәтіннің эстетикаға деген ара-қатынасы да барынша төмендеп кететіні түсінікті. Бұл тақырыпқа қатысты бірқанша тереңдеп барған деп А.А. Мейердің 1927 жылы жарық көрген «Эстетический подход» еңбегін айтуға болады. Себебі, А. Мейердің эстетикалық тұжырымдарының көпшілігін әдеби шығармадағы адам ұғымына, дәлірегі

мәтіндегі кейіпкерлер арасындағы қатынасқа байланысты тәпсірлеуге болады (бұл мәселеде де Бердслидің ойы Мейерден алыс емес).

Мәдениетаралық диалог мәселесінің бір қырын құндылықтар жүйесіндегі өзгешеліктер деп те қарастыруға болады. Ал біз болсақ, бұл мақалада біз қолда бар еңбектер негізінде тек батыстық мәдени таным жүйесіндегі әдебиет ұғымына тоқталдық. Алайда, көркем сөзге қойылатын талап – жалғыз. Ол: ұлық сөздің (әдебиеттің) адамзатқа ортақ құндылықтарға қызмет етуі. Бүгінде бұл тақырыпта жазылып жүрген жұмыстар жеткілікті. Бірақ, олардың дені әсіресе теориялық поэтика тәсілін ұстанатын батыстық мәдени таным жүйесіне негізделген еңбектер. Бұл еңбектердің артықшылығы пәннің механизмі мен құрылымдық мәртебесін айқындауда көрінеді. Бұл жұмыстарға түпкілікті қарама қарсы келетін жұмыстарға – шығыстық мәдени таным жүйесіндегі еңбектерді атауға болады. Жоғарыдағылар әдебиетті тек құрылымдық деңгейде қарастырып, мағына мен міндетті соның қызметшісі етсе, мұнда жағдай керісінше. Шығыстық таным көркем сөзді жаратылысты тану құралы ретінде қарастырады. Оның құрылымдық мәселелері бұл жерде екінші, не үшінші кезектегі мәселе. Осы арада аталған қос мәдени таным кеңістігіннің түпкі семантикалық һәм функциональдық ерекшеліктерін зерделеу аса перспективті мәселе болмақ.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Тодоров Цв. Понятие литературы // Семиотика. М., 1983.
2. «Әдебиет танытқыш» (1926) // Байтұрсынұлы А. 5 томдық шығармалар жинағы. Т. 1, – Алматы: Алаш, 2003. - 408 б.
3. Томашевский Б.В. Теория литературы. Поэтика. М., 2003. Зенкин С.Н. Введение в литературоведение. Теория литературы. М., 2000.
4. Хализев В.Е. Теория литературы: Учебник. – 4-е испр. И доп. – М.: Высшая школа, 2005.
5. Бахтин М.М. Проблема содержания, материала и формы в словесном художественном творчестве // Вопросы литературы и эстетики. М., 1975.
6. Бахтин М.М. Проблемы поэтики Достоевского. М., Искусство. 1963; Бахтин М.М. Проблемы творчества / поэтики Достоевского. Киев, 1994.
7. Шкловский В. Б. Сюжет у Достоевского // Летопись Дома литераторов. 1921. No 4. С. 4—5; Шкловский В. Б. «Тристрам Шенди» Стерна и теория романа. Пг., 1921; Эйхенбаум Б. М. О. Генри и теория новеллы // Звезда. 1925. № 6. С. 291—308; Эйхенбаум Б. М. Поэт-журналист // Некрасов: К 50-летию смерти. Л., 1928. С. 25—33; Jacobson R. O. Na okraj Eugena Onegina // Puskin A. S. Vybrane spisy. Praha. 1937. Sv. 3. S. 257-265; Jacobson R. O. Na okraj Iyrick<sup>h</sup> bdsnf Puskinovych // Puskin A. S. Vybrane spisy. Praha, 1936. Sv. 1. S. 259—267; Jacobson R. O. Randbemerkungen zur Prosa des Dichters Paster -nak // Slavische Rundschau. 1935. No. 7. S. 357—374; Jacobson R. O. Socha v symbolice PuSkinove // Slovo a slovesnost. 1937. No. 3. S. 2-24;
8. Ісімақова А.С. Бүгінгі компаративистика: жаһандану – интертекст – мәдениеттер диалогы // Аударма теориясы мен тәжірибесінің және салыстырмалы әдебиеттанудың өзекті мәселелері. (Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары) Алматы, 2006.
9. Хабермас Ю. Моральное сознание и коммуникативное действие / Пер. с нем. Спб., 2000; Лотман Ю.М. Анализ поэтического текста. Л., 1972; Эко У. Имя розы. М., 1989; Колридж С.Т. Избранные труды. М., 1987; Бочаров С.Г. О художественных мирах. М., 1985; Есаулов И.А. Спектр адекватности в истолковании литературного

произведения («Миргород» Н.В. Гоголя). М., 1995; *Фуксон Л.Ю.* Ценностная структура литературного произведения. Кемерово, 1993; *Тюпа В.И.* Аналитика художественного. Введение в литературоведческий анализ. М., 2001; Бердсли М. Эстетическая точка зрения // Американская философия искусства. Екатеринбург, 1997.

10. Мейер А.А. Эстетический подход (1927) // Мейер А.А. Философские соч. Paris, 1982.

### **РЕЗЮМЕ**

В статье в контексте межкультурного диалога рассматривается специфика литературного произведения, в целом. Суть предметности литературного произведения, главным образом анализируется в соответствии с теоретическими положениями художественного слова.

### **RESUME**

How can west people understand the meaning of literature and how can we understand this word? The meaning of literal work is analyzed according to theoretical statement of artistic word.